

№ 1 «31»08 .2023 жыл
Педкеңесте қаралды

Бекітемін: Искакова С.А.Искакова
Басқұдық ЖОББМ директоры м.у.а



Келісемін: А.Т.Саметеев
Аудандық білім бөлімінің
басшысы м.у.а



Тақырыбы:

«Логика әлемі»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы : 1

Орындады : Г.Тезекбаева

Бастауыш сынып мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: А.Т.Саметеев Т.З.Абдешова

№ 1 хаттама 28 күні 08 айы 2023ж

Тексерілді: Искакова С.А.Искакова

Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі

Түсінік хат

Бастауыш мектептің математика курсы бойынша дайындалған бейінді бағдарламалық жұмыстар мұғалімге көмек беру мақсатын көздейді. Бағдарламада бастауыш класс математикасының жаңа оқу бағдарламасы басшылыққа алынды. Бағдарламаға енгізіліп отырған дидактикалық ойындар өтілген материалды бекіте түсу сипатында берілген.

Мақсаты: - Оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыта түсу;

- Негізгі мектепте оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру;

Міндеттері: - Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізу;

- Оқушының өмір тіршілігіне және мектептің негізгі сатысында оқуын жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Біліктері: - Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, қызығушылығын арттыру;

- Ұшқыр ойлап, тез жауап беруге, шапшаң есептеу және қарапайым мысалдарды тез есептеуді игерту;

- Оқушылардың ауызша есептеу дағдысын қалыптастыру;

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже:

- Есептеу дағдысын машықтандыру;
- Геометриялық фигураларды ажырата білу;
- Санды өрнек және оның мәнін табу туралы түсініктерін дамыта түсу;

Ақпараттық бөлім.

Ұсынылып отырған арнайы курс бағдарламасы 1 класс оқушыларының логикалық ойлау қабілеттері мен танымдық белсенділіктерін оятуды көздеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық белсенділіктерін арттырып, оқу сапасын көтеруге ықпалын тигізді. Оқушылардың қызығушылығын, математикалық инициативасын арттыру мақсатында қызықты есептерді пайдаланамын. Қызықты есептер, өлең, әзіл, ермек, викторина түрінде болады. Сонымен бірге логикалық есептер, математикалық жұмбақтар мен жаңылтпаштар, ойын есептер қолданылады. Мұндай есептерді шығартудың білімдік те, тәрбиелік те маңызы зор. Алған білімдері бойынша тиісті қорытынды жасауға, өздері игереген есеп шығару дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыру. Сабаққа деген қызығуды мұғалім оны жүргізу үстінде тудырса, ал жүйелі түрде жүргізілетін жұмыстар одан әрі дамытуға себепші болады. Сондықтан әрбір педагогтың әрбір өтілетін сабаққа мән бере қарап, дұрыс шешімін табуға өзіндік үлес қосуы бұл өмір талабы.

Түйіндей келе, бұл тапсырмалардың маңызы мен болашақтағы тиімді тұстары бағдарлама бойынша математиканы оқытуда сапалы деңгейге шығаруға көмектеседі деп ойлаймын.

Мазмұндық бөлім

Жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеуде оқушылардың логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызы зор.

«Логика әлемі» - бастауыш сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері. Баланың шығармашылық шеберлігін бірден дамыту мүмкін емес. Сол себептен танымдық тапсырмалар арқылы баланың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптастырып, бір жүйеге келтіру қажет.

Берілген құрал бастауыш сынып оқушыларының танымдық қығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы іздепаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдырады, ақыл - ой деңгейін қалыптастырады. Ұсынылған құралмен жұмыс жасау кезінде баланың бойындағы қорқыныш пен «қате жасап қоямын ау» деген мазасыз ойлар төмендейді де, сенімділік пен тұрақтылық дамиды.

Логикалық сабақ берудің қажетті формасы ретінде мектептің сабақ кестесінен арнайы уақыт бөлнуі керек. 1 – сыныпта сабаққа 35 минут уақыт бөлінеді. Практикалық өзіндік жұмыстарбаланың ойлау қабілетіне, бақылау жұмыстарына, сонымен қатар оның танымдылық белсенділігінің артуына бағытталады. Бұл тапсырмаларды орындау барысында ең алдымен жеткілікті көлем және жүйелік пен мақсаттылық болуы керек.

Тапсырмалар баға коюға емес, оқыту мен дамытуға арналған. Сол себепті логикалық тапсырмалар жеке тұлғаның өіндік ойлау қаблетіне дамыту мен қалыптастыру болып табылады. Яғни назар аудару, елестету, есте сақтаудың түрлері, сұрптау, зейінді дамыту және ойша тұжырымдама жасау,

Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір біріне ұқсамайды. Бұл баланын ой өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын дәлелдеуге үйретіп, әрі оны жалықтырмайды. Әр сабақ сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейіп, тапсыманы орындау жылдамдығы артады.

Оқу тақырыптық жоспар

р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Күтілетін нәтиже	Пәнаралық байланыс
1,2	Балалардың даму деңгейін анықтау.	2	4.09 11.09	Сұраққа жауап іздеу, ойша ойлауға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика, бейнелеу өнері
3	Талдау және жинақтау.	1	18.09	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады, көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, бейнелеу өнері
4	Талдау және жинақтау.	1	25.09	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады, көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
5	Талдау және жинақтау.	1	2.10	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады, көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
6	Талдау және жинақтау.	1	9.10	Мұқият қарауға, тыңдауға дағдыланады, көз қырағылығын дамыту	Әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі
7,8	Талдау және жинақтау.	2	16.10 23.10	Ойлануға, дәлелдеуге төселеді	Математика, қазақ тілі
9	Талдау және жинақтау.	1	6.11	Ойлануға, дәлелдеуге төселеді	Математика, қазақ тілі
10	Салыстыру	1	13.11	Салыстыруға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика,
11	Салыстыру	1	20.11	Салыстыруға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика,
12	Салыстыру	1	27.11	Салыстыруға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
13	Салыстыру	1	4.12	Салыстыруға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу өнері
14	Ұқсастығы мен айырмашылығы	1	11.12	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Қазақ тілі, бейнелеу

					өнері
15	Мөлшерді зерттеп салыстыру	1	25.12	Ауызша есептеу, елестету қабілеті артады	Математика
16	Жүйелеу	1	08.01	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Математика
17	Жүйелеу	1	15.01	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
18, 19	Жүйелеу	2	22.01 29.01	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
20	Жүйелеу	1	12.02	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
21	Жүйелеу	1	19.02	Заңдылықты сақтауға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
22	Шектеу	1	26.02	Мұқият болуға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
23, 24	Шектеу	2	04.03 11.03	Мұқият болуға үйренеді	Әдебиеттік оқу, математика
25	Терістеу (мойындамау)	1	18.03	Ойлап салу, , елестету қабілеті артады	Әдебиеттік оқу, математика
26	Терістеу (мойындамау)	1	01.04	Шартты белгілермен жұмыс жасау	Дүниетану, математика
27	Терістеу (мойындамау)	1	08.04	Зағтарды, ұғымдарды меңгереді	Бейнелеу өнері, математика
28	Талдап қорыту	1	15.04	Кеңістіктегі ұғымдарды меңгереді	Бейнелеу өнері, математика
29	Қорытындылау	1	22.04	Меңгергендерін қайталайды	Бейнелеу өнері, математика
30	Сұрыптау	1	29.04	Салыстырады, айырмашылығын табады	Бейнелеу өнері, математика
31, 32	Сұрыптау	2	6.05 13.05	Салыстырады, айырмашылығын табады	Әдебиеттік оқу, математика, бейнелеу

					өнері
33	Ой тұжырымы	1	20.05	Тапсырманы жүйелі орындауға дағдыландыру	Әдебиеттік оқу, математика, бейнелеу өнері

Қолданылған әдебиеттер:

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.-Алматы,2003ж.
- 2.«Математика оқулығы»1,2,3,4кл.Атамұра,2003-2011ж.
- 3.«Бастауыш мектеп» журналы.2014-2017ж.
- 4.«Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша 2012-2018ж.
- 5.«Бастауыш сынып» әдістемесі журналы. 2016ж.
- 6.«Бастауыш білім» журналы.2016-2019ж.
- 7.«Бастауыш сынып» журналы.2012-2016ж.
- 8.Б.А.Тұрғанбаева.Дамыта оқыту технологиялары.-Алматы,2002ж.
- 9.Математикалық-дидактикалық материалдар.Алматы,2006ж.
- 10.Тесттік жұмыстар.Дарынды мектеп,2003ж.
- 11.Мұғалімге арналған әдістемелік құрал.Алматы,2002ж.
- 12.Мұғалімге арналған бақылау жұмысының әдістемелік құралы.Алматы,2007ж.

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

- 1.«Бал жұмбақ » ойын-сауық,танымдық газеттері.2011ж.2012ж.
- 2.Алақай журналы.Алматы,2015-2017ж
- 3.«Математика оқулығы»,.Атамұра,2003-2010ж.
- 4.Айгөлек журналы.2013-2018ж.
- 5.Балдырған журналы.2005-2018ж.
- 6.Бала би журналы.2014-2017ж.
- 7.Өлең есептер кітапшасы
- 8.Бастауыш кластарға арналған логикалық есептер кітапшасы.
- 9.Математикалық жұмбақтар кітапшасы.
- 10.Мөлдір бұлақ журналы.2014-2016ж.